



# ЕЛ ТІЛЕГІ

gazeta\_eltilegi@mail.ru

№37 (893) Сәрсенбі 11 қыркүйек 2024 жыл

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ АҚПАРАТТЫҚ, ТАНЫМДЫҚ, ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТИ

<http://www.qsip.kz/>

<http://www.instagram.com/eltilegigazeti>

<http://www.facebook.com/eltilegigazeti>

## Өңірлік жоспарға барлық тапсырма енгізілуі тиіс

ҚР Премьер-министрі Олжас Бектеновтің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында Мемлекет басшысының Жолдауынан туындайтын тапсырмалар талқыланып, Жолдауды іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының жобасы мақұлданды. Жауапты ведомство басшыларына алдағы міндеттер бойынша бірқатар тапсырма берілді.



Үкімет отырысынан кейінгі арнайы мәжілісте облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев аталған құжат негізінде әзірленетін өңірлік жоспардағы басым бағыттарға тоқталды.

«Өткен аптада Жолдауды іске асыру мәселелерін арнайы қарап, нақты тапсырмалар бердім. Жоспардағы негізгі шаралар халықтың табысын арттыру, әлеуметтік теңсіздікті азайту, инфрақұрылымды одан әрі дамытуға бағытталып, мерзімінде және нәтижелі іске асырылуы тиіс. Облыстық экономика және қаржы басқармасы Жолдауда айтылған барлық тапсырманы өңірлік жоспарға енгізуі қажет. Жоспардың мерзімінде, сапалы орындалуын үйлестіру және бақылау облыс әкімінің бірінші орынбасары Жаналинов Данияр Еренғалиұлына жүктеледі», – деді Нұрлыбек Машбекулы.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе – жұмысшы мамандар даярлау, жастардың жұмысшы мамандығына деген қызығушылығын арттыру. Қоғамда еңбек адамның тұлғасын қалыптастыру бүгінгі күннің басты бағдарына айналуы тиіс.

Аймақтағы индустриалдық-инновациялық жобалардың қарқыны жұмысшы мамандарға деген сұранысты жыл сайын арттыруда. Ауыл шаруашылығы,

құрылыс, тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы салаларына жұмысшы мамандар қажет. Білім беру ұйымдары кадр даярлауда сапаға және еңбек нарығындағы сұранысқа айрықша көңіл бөлуі тиіс. 2022-2023 жылдары өңірміздің 9 колледжіндегі 38 мамандықтың 52 біліктілігі бойынша лицензиялары қайтарылды. Сондықтан сапы бар да сапасы жоқ оқу орындарының лицензияларын қайтаруды әлі де жалғастыру қажет.

Облыстық білім, жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармалары «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының облыстық филиалымен бірлесіп, 2025 жылы 9-сынып бітірушілерінің арасынан жұмысшы мамандығын алуға ниетті жастарды 100 пайыз тегін кәсіптік біліммен қамтуға жауапты. Өткен оқу жылында колледждерлі 5 895 адам бітірген, 1 870-сі (32%) жоғары оқу

орындарына оқуға түскен. Қалған түлектерді тұрақты жұмыспен қамту маңызды. Облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, құрылыс, сәулет және қала құрылысы, энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармалары, қала, аудан әкімдіктеріне осы мәселені қатаң бақылауға алып, бітірушілерді тұрақты жұмысқа орналастыру тапсырылды.

Жиында күн тәртібіндегі мәселелерден бөлек, облыс үшін өзекті саналатын салық базасын ұлғайту, бюджетті тиімді басқару және сапалы жоспарлау, келесі егін егу маусымына дайындық, жылу беру маусымы қарсаңындағы жоспарланған жұмыстар барысы талқыланды. Аймақ басшылары лауазымды тұлғаларға өз міндетіне жауапкершілікпен қарау, тапсырмаларды мұқият орындау қажеттігін ескертті.

## Халықтық штаб өкілдері «Анаға тағзым» орталығына барды

АЭС-ті қолдау жөніндегі аймақтық Халықтық штаб өкілдері «Анаға тағзым» орталығында әлеуметтік қызмет көрсету саласының мамандарымен кездесті.

Электр қуатын шамадан тыс пайдалану салдарынан бүгінде халықтың көп шоғырланған жерлерінде электр қуатының тапшылығы сезіледі. Сәйкесінше жаһандық даму кезеңінде озық технологияларды, шетелдік тәжірибелерді елімізде іске асыру мәселесі өзектілігін жоғалтпай отыр. «МАГАТЭ» басшысы Рафаэль Гроссидің айтуынша, экономика дамыған сайын энергияға сұраныс артып жатыр. Бірақ атмосфераға зиянды көмірқышқыл газының таралуын айтарлықтай азайту үшін бізге

ядролық энергия қажет. Бірақ жаһандық жылынды болдырмау үшін 2050 жылдарға қарай жасыл энергияға қол жеткізу маңызды. Орталықта өткен кездесуде аймақтық Халықтық штаб мүшесі Балжан Шаменова өз пікірімен бөлісті.

– Бүгінде аймағымыз қарыштап дамуда. Өңірге салынған инвестиция есебінен әлеуметтік орталықтар, Жайлы мектептер салынууда. Сол жағалауда көпбейінді аурухананың құрылысы басталды. Ал осы нысанның

барлығына электр қуаты керек. Қарапайым ауыз су мен аяқ суды берудің өзіне жарық қуаты керек. Байқап қарасақ, ұялы телефонымызды да, үйде тұру үшін де, өміріміздің барлық тұсында электр қуаты керек. Қазірде елімізде электр қуаты тапшылығына байланысты біз Қырғызстаннан да электр қуатын сатып алып отырмыз. АЭС құрылысы елдің энергетикалық қуатын арттырудың алғы шарты болмақ, – деді.

Сала өкілдері АЭС жайлы оң пікірлерін білдіріп, жасыл энергияны бірауыздан қолдайтынын жеткізді.

«Ел тілегі» ақпарат

## 600 ОРЫНДЫҚ МЕКТЕПТІҢ ҚҰРЫЛЫСЫ БАСТАЛАДЫ

Биыл Қазалы құрылысында татымды тірлік көп. «Руханият жылы» аясында бой көтеретін Руханият орталығының құрылыс-монтаж жұмыстары бастау алып, орталықтың іргетасын қуя жұмыстары жүргізіліп жатыр.



Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Жанқожа батыр ауылынан 300 орындық мектеп ғимаратының да құрылысы жүйелі. Тұрғын үйлер де бой көтеріп, аудан ажарын айшықтап жатыр. Құрылыс саласындағы қарымды істерді Қазалы ауданының әкімі Мейрамбек Шермағанбет баяндап берді.

– Биыл аймақ басшысы Нұрлыбек Машбекулының бастамасымен, 2024 жыл Сыр өңірінде «Руханият» жылы болып жарияланды. Жыл аясында барлық аудандарда «Руханият» орталықтарының құрылысы басталады. Жуық арада ауданда аталмыш нысанның іргетасы қаланбақ. «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында Жанқожа батыр ауылынан 300 орындық

мектеп ғимараты құрылысы қарқынды жүргізілуде. Қазіргі таңда мектеп ғимаратының кірпіш қалау жұмыстары аяқталып, төбе жабындысын жабу жұмыстары жүргізілуде. Сонымен қатар аталмыш жоба аясында биыл Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласының аралығынан жоспарланған 600 орындық мектептің құрылысы басталады. 2024 жылға «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасы аясында 3 спорт кешені және 1 ауылдық ұлттық жобасы құрылысын бастауға тиісті қаржы бөлініп,

мердігерлері анықталып, құрылыс жұмыстары басталды. Өткен жылы ауданымыздағы халықтың әлеуметтік осал топтары үшін 52 отбасыға баспана тапсырылған болатын. Биыл да үлгілі үрдіс жалғасып, жалға берілетін тұрғын жай сатып алуға қаржы бөлініп, барлығы 2 пәтерлі 75 тұрғын аралығынан жоспарланған. Бүгінгі таңда бастапқы 123 тұрғын жай сатып алуға тиісті қаржы бөлінді. Дәл қазіргі уақытта тұрғын үйлердің құрылыс жұмыстары қарқынды жүргізілуде, – деді Мейрамбек Зинабидінов.

## ДИРЕКТОР МЕН ОНЫҢ ОРЫНБАСАРЫ ЖҰМЫСТАН ШЫҒАРЫЛДЫ

Мектеп орынбасарына қатысты шара қайта қаралуы мүмкін. Жамбыл облысы Тереңөзек ауылында өзін Томирис деп атайтын Гүлсара Көпбаева мектепке шақырып, іс-шара өткізген директор мен оның тәрбие ісі жөніндегі орынбасары жұмыстан қуылды. Оқу-ағарту министрі Ғани Бейсембаев мектепте өтетін іс-шаралардың бәрине бірінші кезекте директор жауапты екенін айта келе, оның тәрбие жөніндегі орынбасарына қатысты қабылданған шараның қайта зерттелетінін айтты.


«Бүгінде мектеп басшысы жазаланып отыр. Ал, енді өткен шаралардың тәрбие жұмыстарына байланысты болғанына орай тәрбие жөніндегі орынбасарына қабылданған шешімнің дұрыстығын

анықтау үшін тапсырма бердім. Біз кез-келген мықты, тәжірибелі мамандарды бағалауымыз керек. Егер расында бұл жағдайға тікелей қатысы бар болса, заң алдында жауапкершілікті мойнына алуы керек. Бірақ біз мектеп директорының тәрбие жөніндегі орынбасарына қатысты мәселені зерделеп көреміз», – деді министр.

Еске салайық, жуырда Жамбыл облысында мектепке барған «Томирис патшайымды» қатысты ақпаратқа ел назарын аударған едік. Алдымен бұл адамның етегін оқушылар көтеріп жүргенін, кейін, мектеп мұғалімдері емішіні шақыру үшін 4000 мың теңгеден ақша жинағанын жаздық. Мәселе министрге дейін жетіп, тексеру жүрген болатын.

## КОНФЕРЕНЦИЯ ӨТТІ

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінде «Бейбіт атом-береке, бірлік, болашақ!» тақырыбында танымдық конференция өтті.



Жиын барысында «Qosy» жастар ресурстық орталығының директоры М.Жорабек ҚР Президенті Қасым Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Жолдауы және АЭС-тің маңыздылығы жөнінде сөз қозғап, шара тақырыбына қатысты ойымен бөлісті. Конференция спикері ретінде химия ғылымдарының кандидаты, профессор Аппазов Нұрбол ашық пікір алмасып, тақырып аясында ғылыми түсіндірме жасалды.

Аталған жиынға оқу орны басшысы Ж.Тоғанова, директордың тәрбие жұмыстары жөніндегі орынбасары Г.Исаева,

«Физика, математика және ақпараттық жүйе» бөлімінің меңгерушісі З.Ермеқбайқызы және 4 курс студенттері қатысты. Барлығы 80-нен аса білім алушы қамтылған танымдық жиында

тақырып аясында ғылыми түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, қатысушылар жана ақпараттармен танысты.

«Ел тілегі» ақпарат

## «ЕЛ ТІЛЕГІ» ГАЗЕТИ

еліміздің барлық өңірлеріне тарайды. Бүгінде өзінің оқырмандары асыға күтетін, сүйіп оқитын басылымдарға 2025 жылдың I жартыжылдығына жазылу науқаны жүріп жатыр.

«Ел тілегі» газетіне жеке жазылушылар үшін индекс 65007

**6 айға – 2800 теңге;**

### БАСЫЛЫМДЫ АСЫҒА КҮТЕТІН ОҚЫРМАНДАРЫМЫЗБЕН ӘРДАЙЫМ БІРГЕМІЗ!

- Мекеменіңіздің, компанияңыздың жұмысы ілгерілесін десеңіз, бизнесте мол табысқа қол жеткізгіңіз келсе, әр бастаған ісіңіз сәттілік пен пайда әкелсін десеңіз «Ел тілегі» газетіне жарнама беріңіз!
- Сонымен бірге құттықтау, хабарландыру, еске алу жариялау ниетіңіз болса, құжаттарыңызды жоғалтқаныңыз, жеке кәсіпкерлік қызметті тоқтатқаныңыз туралы, басқа да ресми құжаттарды рәсімдеу жайлы хабарлама жасау қажеттілігі туса, Бізге хабарласыңыз!

Қажетті ақпаратты мына телефондар арқылы ала аласыздар: **8(7242) 27-85-75; 8-7059827661, 8 777 752 54 63.**

## Қазақ көкпаршылары финалда

«Қазанат» ипподромында Қазақстан мен Ресей көкпаршылары жартылай финалда өнер көрсетіп, қазақстандық шабандоздар ақтық додаға өтті. Қазақстан құрамасы бұл ойында, 18 салым салса, ресейлік көкпаршылар серкені шеңберге небәрі 2 рет қана дүп тастай алды.

Сонымен қорытынды есеп — 18:2. Қазақстандық көкпаршылары ертең Қырғызстан көкпар командасымен алтын жүлде үшін таласқа түсетін болады. Еске салайық, кеше қазақстандық шабандоздар америкалық көкпаршыларды 12:4 есебімен ұтса, іріктеу кезеңінде Өзбекстан құрама командасын 16:0 есебімен айқын жеңген еді. Бұған дейін ҚР көкпар құрама командасының капитаны Тұрғанбек Құрманбек Қазақстан құрамасының басты қарсыласы - қырғызстандық көкпаршылар екенін айтқан болатын.

## ПІКІР-АЛМАСУ АЛАҒЫ ӨТТІ

Қалалық мәслихатта «Қазақстандағы атомдық энергетика: оның мүмкіндіктері» тақырыбында пікір-алмасу алаңы өтті.

Отырысты қалалық мәслихат төрағасы И.Құттықожаев жүргізіп, мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: Заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында Атом электр стансасын салу мәселесіне қатысты референдумды өткізу күнін (6 қазан) белгілегендігін атап өтіп, «Жалпы бейбіт атом

энергиясын пайдалану – бүгінгі жаһандану үдерісіндегі әлемнің ең өзекті, сонымен қатар қарама-қайшылығы көп мәселенің бірі. Ядролық энергияның тиімділігі мен тұрақтылығы біраз елге оны таза энергия көзі ретінде қолдануға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Ең бастысы, АЭС мәселесіндегі шешімнің ғылыми негізі болуы, стратегиялық оң шешім қабылдану қажеттігін» жеткізді.

Пікір алмасу алаңында ҚР Құрметті энергетигі, қалалық қоғамдық кеңес мүшесі М.Қарімбаев еліміздегі энергетика саласының қазіргі жағдайы,

болашақта электр энергиясы тапшылығы мәселесі бойынша өз пікірін білдірді.

Сонымен бірге, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, химия ғылымдарының кандидаты Н.Аппазов сөз сөйлеп, атомдық энергетика саласының артықшылықтары мен еліміздегі атомдық энергетика саласының әлеуеті, қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша түсініктеме берді.

Пікір алмасуға қатысқан қалалық мәслихат депутаттары мен қоғамдық кеңес мүшелері бұл мәселеге қатысты өз пікірлерін білдірді.





